



Жаңаарқа жаны өнерге толы, жүрегі ізгі жандардың мекені десек, өлкеде өзіндік үні қалып, өңірді дарынымен тербеген талантты тұлғалар қатары жетіп артылады. Солардың бірі және бірегейі, бүгінгі таңда елуді еңсеріп, ғасыр жартысына жеткен

жерлесіміз Жалын Айтбекұлы Сыздықов.

Дәстүрлі әнші, композитор, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, «Алтын қобыз», «Алтын домбыра» сыйлықтарының иегері, Жаңаарқа ауданының өркендеп өсуіне өз үлесін қосып, өнердің дамуына ат салысып жүрген азаматтың айтулы мерей-тойына орай «С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ ақпараттық – библиографиялық бөлім қызметкерлері «Жүректі жаулаған домбыра сазы» атты кеш ұйымдастыруды жөн көріп, өскелең ұрпаққа өнегелі адаммен ашық сұхбат орнатуға мүмкіндік сыйлады.

Айта кетейік, маңызды шарада тек оқушылар ғана бой көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге Бүкілодақтық республикалық байқаулардың лауреаты, Жалын Айтбекұлының ұстазы әрі әріптесі, әнші Балтабай Қызыров, ҚР «Мәдениет саласының үздігі», Бүкілодақтық, халықаралық, республикалық, облыстық байқаулардың лауреаты Гүлшара Оспанова, дәстүрлі және эстрада әншісі, халықаралық, республикалық, облыстық байқаулардың лауреаты Бейімбет Сарымсақов, ҚР Мәдениет қайраткері, «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты Марат Нүкеев, Қалқаш Ержанов, Жаңаарқа ауданы саятшылық, құсбегілік және құмай тазы федерациясының президенті Сейпішар Қайсар, Бижамал, Мадина, Ырысты апалары қонақ болып, кеш көркін қыздыра түсті.

Мерейлі мерейтойдың иесіне көрсетілген құрмет, ең алдымен өнер адамы туралы көрсетілген шағын бейнежазбадан бастау алды. Жаңаарқаның кен жазық даласында жастайынан өнерге жаны жақын болып, дарынымен таңдай қақтырған, өнегелі өмірімен өрнек салып, өскелең ұрпақ бойына өзіндік қолтаңбасын қалдыра алатын жанның жеке басына қатысты тың деректер расымен жас буын өкілдерінің шабытына шабыт қосып, өздеріне деген сенімділіктері мен шығармашылыққа деген сүйіспеншіліктерін арттыра түскені сөзсіз.

«Өнер – құдіреті мәңгілік» атты көрме ұйымдастырылып, ақпараттық - библиографиялық бөлім кітапханашысы Берлібаева Арайлым Жанатқызы сөзді жалғап, бейнежазбадағы мәліметтерді толықтыра түсті. «Жігітке жеті өнер де аз» дегендей, шараның басында біз Жалын Сыздықовтың таңдай қаққан жез таңдай әнші, дәстүрлі өнерді дәріптеп жүрген өнер иесі екенін айтып өтсек, көрме барысында тағы бір ерекше қыры, «қыш өнердің шебері» екенін оқушыларға таныстыруды мақсат тұттық. Алтындай саусақтары тек домбыраның құлағында ойнау ғана емес, сонымен қатар, сұлулықтан көз тұнатын тамаша дүниелердің туындауына себепкер болатынын көрсетіп, саз балшықтан жасалған бұйымдары көпшілік назарына ұсынылды.

Жиын мақсаты - Жалын Айтбекұлымен сүбелі сұхбат жүргізу болғандықтан, кітапхана қызметкерлері шара барысында қадірлі қонаққа өз сауалдарын жолдап, көпшіліктің көкейіндегі жауапты өнер адамының өз ауызынан естіртуді жөн көрді. Сонымен қатар, үзеңгілес достары, өнердің ыстығы мен суығына қатар төзіп келе жатқан әріптестер, туыстары да сөз кезегін алып, естеліктерімен бөлісіп, жүрекжарды лебіздерін білдірді.

Құнды деректерді естіген соң оқушылардың да өз сауалдары туындап, көбірек мәлімет білгілері келуі заңдылық. Сол себепті, мерейтой иесіне оқушылар да өз сауалдарын жарыса жолдап, жауап алып, кештен ерекше әсер алды. Өз кезегінде өнер иесі өскелең ұрпақтың әр сөзіне мұқият мән беріп, салмақты ой, саналы тәрбиемен ұштастыра отыратамаша жауап берді.

Елуді еңсерген ел азаматымен кездесу барысында күмбірлеген күйден шашу шашылып, әуезді әнмен әңгіме әрлене түсті. Өнер иесі келген қонақтардың көңілі үшін Дүйсенбай Жұмасейітовтың сөзіне жазылған, «Алаш ұраны» әнін нақышына келтіре орындап, кешті аяқтады. Тамаша кездесуден ұлт ұландары ұлылыққа ұмтылып, ұлттық өнерге деген сый – құрметтері еселей түсті. Жаны жайсаң, жүрегі жақсылыққа толы, өнердің кең өресін бойлай өнегелі өмірімен көпшілікке үлгі болып келе жатқан Сыздықов Жалын Айтбекұлын біз де мерейлі мерейтойымен құттықтап, бар игі жақсылықтарды тілейміз. Жаңаарқаның жалынды жастарына жігер сыйлап, жанашыр болып жүре беріңіз. Шараның ең басты мақсаты да сол. Өскелең ұрпақтың өнерге деген сүйіспеншілігін арттыру. Жерлесімізді жастарға үлгі қылу. Аға буын өкілдерінің алғырлығын сөзбен дәріптеп, іспен көрсету. Өнер жалпыға ортақ екенін ескерсек, өресі кең ұл – қыздарымыз жүректі жаулаған домбыра сазының үніне елітіп, Жалын Айтбекұлының жалынды сөздерін есте сақтап, ел мүддесін арттыруға ұмтылатыны анық.

Салтанат Бақышева,

«С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ ақпараттық – библиографиялық бөлім кітапханашысы